

## **2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы резеңке және пластмасса өнімі**

Резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінің көлемі 2023 ж. қаңтар-желтоқсанда **444,1 млрд теңгені** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңдегі көрсеткіштен **0,4%** төмен.

Резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінде талдау жүргізілген кезеңде негізгі үлесті пластмасса тақтайлар, табақтар, құбырлар және профильдер – **43%**, құрылыс пластик бұйымдары – **20%**, басқа да пластик бұйымдар – **15%**, тауарларға арналған пластмасса қаптапалар – **15%**, басқа да резеңке бұйымдар – **6%** құрады.

**Физикалық көлем индексі** талдау жүргізілген кезеңде **105%** құрады.

Заттай көріністе өндіріс көлемінің ең жоғары көлемін конвейерлік таспа (тасымалдауыш) және резеңкеден жасалған жететі белдіктер (+12,8%), пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер, жеңдер және құбыршектер және олардың фитингтері (+5,6%), пластмассадан жасалған асханаға, ас үйге, дәретханаға арналған тұрмыстық заттар (+4,9%) өндірісі құрайды.

Осы тауарлардың өсуі тұтынушылық сұраныстың артуына байланысты.

Резеңке және пластмасса өнімінің **экспорты** құндық көріністе 2023 ж. қаңтар-қарашада 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **1,9 есе** өсті және **333,6 млн АҚШ долл. құрады**. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі көлемі **Ресейге (79,6%), Қырғызстан (8,2%) және Өзбекстанға (5,6%)** экспортталды.

Резеңке және пластмасса тауарларының **импорты** 2023 ж. қаңтар-қарашада **2 287,3 млн АҚШ долл. құрады**, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **21,8%** артық.

Резеңке және пластмасса тауарлар импортының негізгі көлемі **Қытай (29%), Ресей (29%), Германиядан (5%)** келіп түсті.

Резеңке және пластмасса бұйымдары **нарығының көлемі** 2023 жылғы қаңтар-қарашада **2 842 млн АҚШ долл. (1 296,3 млрд теңге)** құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда **13,2%** артық.

Өндірістің өсуіне (+9,5% к 2022 ж.) қарамастан, **ОТӨ үлесі** 5,7 п.п. төмендеді және **19,5%** құрады, бұл, ең алдымен импорттың өсуіне (+21,8%) байланысты. Импорт өнімінің үлесі **80,5%** құрады.

Резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінің ең жоғары көлемі 2023 ж. қаңтар-желтоқсанда төмендегі өңірлерде байқалады: Алматы обл. (22%), Астана қ. (18,6%), Алматы қ. (11,4%), Қарағанды обл. (8,1%), Шымкент қ. (6%).